

**2023 – 2024 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 147 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің міндетін атқарушы*

*М. Тасмағанбетов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2023 жылғы 04 қыркүйек № 147  
қаулысына 1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы және нөмірі	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орын, грант саны)	Оқу жылында бір студентті оқытуға жұмсалатын шығынның орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)
1.	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	B 0 2 1 Орындаушылық өнер	2	922 500
			B023 Режиссура, арт-менеджмент	1	922 500
			B 0 2 6 Композиция	1	922 500
			B027 Театр өнері	2	922 500
			B030 Бейнелеу өнері	3	922 500
2.	6 B 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	B006 Музыка мұғалімдерін даярлау	2	901 000
3.	6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	B092 Тынығу	7	714 900
Барлығы				18	

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2023 жылғы 04 қыркүйек № 147  
қаулысына 2-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

	Білім беру саласының	Даярлау бағытының	Резидентура бағдарламаларының медицина	Жоғары білім негізіндегі мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны	Оқу жылында бір студентті оқытуға жұмсалатын шығынның орташа құны (ұлттық жоғары оқу орындарын қоспағанда) (теңге)
					8 айға

№	коды және атауы	коды және атауы	мамандықтарының тізбесі	(орын, грант саны)	4 айға	
1.	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	Терапия	2	466 300	932 600
			Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)	2	466 300	932 600
			Радиология	4	466 300	932 600
			Гастроэнтерология (ересектер, балалар)	1	466 300	932 600
			Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)	11	466 300	932 600
			Кардиология (ересектер, балалар)	6	466 300	932 600
			Жалпы хирургия	7	466 300	932 600
			Ересектер онкологиясы	2	466 300	932 600
			Педиатрия	2	466 300	932 600
			Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)	5	466 300	932 600
			Офтальмология (ересектер, балалар)	2	466 300	932 600
			Неврология (ересектер, балалар)	2	466 300	932 600
			Эндокринология (ересектер, балалар)	1	466 300	932 600
			Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)	2	466 300	932 600

		Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)	1	466 300	932 600
Барлығы			50		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК